

but also can provide better absorption and utilization of this important mineral. Daily use of which reduces the development of iron-deficiency anaemia.

Keywords: iron deficiency, wheat flour, white bread, processing additive.

Шаншарова Д.А, Әбдраимова Д.Б, Хакімжанов А.А, Сенгірбекова Л.К, Әлменова А.С

ТАБИҒИ ӨМІРГЕ ҚАЖЕТТІ ТЕМІР МИНЕРАЛЫМЕН БАЙЫТЫЛҒАН НАН ӨНІМДЕРІНІҢ ИННОВАЦИАЛЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бидайдың нанға жидек және жеміс ұнтағын енгізу жолымен өмірге қажетті темір минералымен байыту. Рационға жидектермен және жемістермен нәрленген бидай нанын қосу арқылы тек темір минералын қамсыздандыру ғана емес, өте қажетті минералды адам бойына сіңіруіне көмектеседі. Осындай нанды күнделікті қолдану қаназдықтың дамуын азайтады.

Кілт сөздер: теміртектің жетіспеушілігі, бидай ұны, бидай ұнынан жасалған нан, байытқыш қоспа.

ӘОЖ: 619:616.995.121 (574.1)

М.Ш. Шалменов, Н.Ж. Кадырова

*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті, Орал қаласы*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КАЗТАЛОВ АУДАНЫНДА ИТТЕРДІҢ ГЕЛЬМИНТТЕРМЕН ЗАЛАЛДАНУ ДЕҢГЕЙІ

Андатпа. Мақалада Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданы иттерінің фекалий сынамаларын және ит өлекселерін жарып-сойып, аш ішегінің жіңішке бөлігін зерттеу арқылы гельминттермен залалдану деңгейі анықталған. Эхинококкоз ауруы әлі де әлеуметтік маңызға ие ауру болғандықтан, бұл аурудан сақтандыру шараларын жетілдірудің жаңа әдістері ұсынылған.

Кілт сөздер: эхинококкоз, етқоректілер, инвазия экстенсивтілігі, инвазия интенсивтілігі, копроовоскопия, гельминтологиялық жарып-сою.

Кіріспе

Эхинококкоз – фекальды-оральды механизм арқылы берілетін, бауырдың, бүйректің және басқа да органдардың деструктивті зақымдалуымен сипатталатын, созылмалы өтетін, мүгедектікке және өлімге әкеліп соқтыратын табиғи ошақты зоонозды биогельминтоз. Эхинококкоздың биологиялық тізбегі екі иесінен тұрады:

Тұрақты иесі: Етқоректі жануарлар (үй және жабайы жануарлар).

Аралық иелері: Адам, күйіс қайыратын жануарлар және т.б [1].

Эхинококкоздың эпидемиологиясы. Қазақстан эхинококкоз бойынша сәтсіз елдердің қатарына жатқызылады. Соның ішінде эхинококкоз еліміздің оңтүстігі мен батысында кеңінен таралған (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары). Бұл аймақтарда жануарлардың ауруға шалдығу көрсеткіші 40-45%-ға жетеді, ал адамдардың ауруға шалдығу көрсеткіші республикадағы орташа көрсеткіш деңгейінен асып түседі, яғни 100 мың тұрғынға шаққанда 8,8-13,6%-ды құрайды. Ескеретін жайт, эхинококкозға негізінен еңбекке қабілетті жастағы адамдар (70% дейін) шалдығады. Адамдардың эхинококкоздан өлу көрсеткіші ауырған адамдардың 2,4-тен 6,8%-ға дейін, мүгедектік 3,5-тен 8,7%-ға дейін

ауытқиды, аурудың қайталануы ауруға шалдыққан адамдардың 6,2-16,0%-ында байқалады[2].

Экспериментальды ауру жұқтырылған қойларда анықталғандай, эхинококкозға шалдыққан мал 9,5% жүн, 7% сүт, 3,2% салмақ, 8,1% ет, 18,5% іш май, 84,2% бауыр, 76,1% өкпе бермейді екен. Сонымен қатар алынған өнімнің сапасы төмен болады [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері

2013 жылы 30 итке жартылай гельминтологиялық жарып-сою жүргізілді. Жарып-сою БҚО, Казталов аудандық ветеринарлық зертханасында жүргізілді. Иттердің өлекселері Казталов ауданының ветеринарлық инспекторлары арқылы жеткізілді.

Сонымен қатар, копроовоскопиялық зерттеу әдістері арқылы 35 иттің фекалий сынамасы зерттелді. Фекалийлерді зерттеу Фюллеборн әдісімен жүзеге асырылды.

Жартылай гельминтологиялық жарып-сою және копроовоскопиялық зерттеулер жүргізу барысында жеке гигиена ережелерін қатаң сақтадық. Барлық анықталған гельминттерді санап, түрін анықтадық және инвазия экстенсивтілігін есептедік. Гельминттерді ағынды сумен шайып, 70% спиртте бекіттік.

Гельминттерді жануар түрі, анықталған уақыты, орналасқан жері, гельминт саны, сонымен қатар гельминт анықталған жануардың жасы мен жынысы көрсетілген герметикалық жабық ыдыста сақтадық.

Зерттеу нәтижелері

1-ші кестеде көрсетілгендей барлығы 65 ит зерттелді (30 ит жартылай гельминтологиялық жарып-сою арқылы, 35 ит копроовоскопиялық зерттеулер арқылы).

Иттер паразиттердің 5 түрімен залалданған, олардың ішінде 3-еуі Cestoda класына, 2-еуі Nematoda класына жатады.

№	Гельминт түрі	Гельминтологиялық жарып-сою(n=30)		Копроовоскопиялық зерттеу(n=35)	
		Оң нәтижелі сынамалар саны	ИЭ (%)	Оң нәтижелі сынамалар саны	ИЭ (%)
1	D.caninum	6	20	10	28,6
2	E.granulosus	2	6,7	-	-
3	T.leonina	6	20	8	22,8
4	T.canis	10	33,3	3	8,6
5	M.multiceps	-	-	2	5,7

1-кесте. Иттерді жартылай гельминтологиялық жарып-сою және фекалий сынамаларын копроовоскопиялық зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелерін талдау

БҚО, Казталов ауданындағы үй етқоректі жануарларының гельминттері кеңінен таралған. Біздер гельминттердің 5 түрін анықтадық, соның ішінде инвазия экстенсивтілігі дипилидий мен токсокарада жоғары екендігі байқалды.

Қорытынды

Өңірдегі қатерлі індет – эхинококкозбен ауру көрсеткіші, өкінішке орай, әлі де жоғары деңгейде. Облысымызда соңғы 15 жыл ішінде бұл дертпен отаға түскен адамдар саны мыңға жуықтаған. Гельминтозооноздардың (адам мен жануарларға ортақ гельминттер) адам денсаулығы мен экономикаға, мал өнімдерінің сапасының төмендеуіне тигізіп отырған залалы зор. Аталмыш кеселдің таралу көзі ит болып саналады. Бұл жануардан 40-тан аса күрделі емдеуді қажет ететін мал мен адам өміріне өте қауіпті жұқпалы және паразитарлық аурулар тарайды. Сол себепті эхинококкоздың алдын алу мақсатында келесі шаралар ұсынылады:

- жергілікті тұрғындардың санасында эхинококкоз және оның алдын алу шаралары туралы түсінік қалыптастыру мақсатында халықты санитарлық-гельминтологиялық ақпараттандыру; оқытудың негізгі түрлері: дәрістер, әңгімелесу, бұқаралық ақпарат

құралдары арқылы мәлімет беру (теледидар, радио, кезеңді басылымдар), бюллетеньдер, ескертпелер, брошюралар, ұсыныстар шығарып тарату;

- Инвазия көзін уақытылы анықтау және емдік-профилактикалық шаралар ұйымдастыру үшін денсаулық сақтау және ветеринария органдарының адамдар мен етқоректілер арасында тіркелген эхинококкоздың әрбір жағдайы бойынша ақпарат алмасуы;

- эхинококкозды және басқа да гельминтозооноздарды ерте анықтау мақсатында мал ұстаушыларды, бұғы, аң ұстаушыларды және олардың отбасын үнемі зертханалық зерттеулерден (УДЗ, компьютерлік томография) өткізу;

- залалданған мал шаруашылығы өнімдері мен жануар тектес шикізаттарды жинау және жою үшін еліміздің жеке аймақтарында утиль зауыттарының салынуы мен ұйымдастырылуы;

- ветеринарлық қызметтің қатаң бақылауымен қаңғыбас және қадағалаусыз иттерді аулау;

- ҚР-ның Ветеринарлық заңдылығына сәйкес мал шаруашылығы кешендері мен жеке үйлерде иттер санын қысқарту;

- қызметтік иттер мен азаматтардың жеке иттерін есепке алу және құжаттау;

- елдің ірі мегаполистерінде иттерге арналған серуендету алаңдарын ұйымдастырумен қатар ветеринарлық-санитарлық бақылауды жүзеге асыру;

- мал шаруашылығы шаруашылықтарында ұсталатын иттерге диагностикалық дегельминтизация жасау;

- етқоректілерді празиквантелмен және сол тектес препараттармен токсан сайын дегельминтизациялау.

Әдебиеттер

1. Сабаншиев М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.
2. Шалменов М.Ш. Научные основы борьбы с эхинококкозом в Западном Казахстане: Автореф. дис. докторавет. наук. Алматы, 2009.
3. Сүлейменов М.Ж., Аманжол Р.А., Абдыбекова А.М., Тулеуханов А. Қойлардың цестодоздары және оған қарсы күрес шаралары (ұсыныстар). Алматы, 2011.

Шалменов М.Ш, Кадырова Н.Ж

УРОВЕНЬ ЗАРАЖЕНИЯ ГЕЛЬМИНТАМИ СОБАК КАЗТАЛОВСКОГО РАЙОНА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приведены данные распространения эхинококкоза и меры борьбы в Казталовском районе Западно-Казахстанской области. А также в результате исследования проб фекалии и вскрытия трупов собак выяснилось уровень заражения гельминтами. Эхинококкоз все еще имеет социальное значение и поэтому предложены новые методы усовершенствования профилактики этой болезни.

Ключевые слова: эхинококкоз, плотоядные, экстенсивность инвазии, интенсивность инвазии, копроовоскопия, полное гельминтологическое вскрытие.

Shalmenov M.Sh, Kadyrova N.Zh

LEVEL INVERMINATION DOGS KAZTALOV DISTRICT WEST KAZAKHSTAN REGION

The article presents data dissemination echinococcosis and control measures in the area Kztalov West Kazakhstan region. And as a result of research and feces samples autopsy revealed infection rates of dogs worms. Hydatid disease still has a social value and therefore new methods of improving the prevention of this disease.

Keywords: echinococcosis, carnivorous, extent of infestation, the intensity of the infestation, koproovoskopiya, full helminthological autopsy.